

Кейбір қаулылардың күші жойылды деп тану туралы

Қостанай облысы Жітіқара ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 8 қаулысы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 40-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес Жітіқара ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Осы қаулының қосымшасына сәйкес тізбе бойынша әкімдік қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

Аудан әкімі

А. Ибраев

Әкімдіктің
2016 жылғы 15 қаңтардағы
№ 8 қаулысына қосымша

Күші жойылған әкімдік қаулылардың тізбесі

1. "Жітіқара қаласында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін орындарды анықтау туралы" әкімдіктің 2007 жылғы 10 тамыздағы № 582 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-10-77 тіркелген, 2007 жылғы 12 қазанда "Житикаринские новости" газетінде жарияланған).

2. "Әкімдіктің 2007 жылғы 10 тамыздағы № 582 "Жітіқара қаласында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін орындарды анықтау туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" әкімдіктің 2012 жылғы 31 мамырдағы № 370 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-10-185 тіркелген, 2012 жылғы 28 маусымда "Пресс-экспресс" газетінде жарияланған).

3. "Әкімдіктің 2007 жылғы 10 тамыздағы № 582 "Жітіқара қаласында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін орындарды анықтау туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" әкімдіктің 2013 жылғы 4 желтоқсандағы № 641 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4373 тіркелген, 2014 жылғы 23 қаңтарда "Житикаринские новости" газетінде жарияланған).